

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026

© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Asian Journal “Steppe Panorama”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 13. Is. 2, pp. 530-548, 2026
 Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_530-548

THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGII PROVINCE)

*Altynbek Toktarbayuly*¹

¹University of Finance and Economics,
 (5 Enkhtaivan Avenue, Ulaanbaatar, Mongolia)
 Lecturer, Department of Social Sciences
 Doctoral candidate, Department of History, National University of Mongolia
 <https://orcid.org/0009-0005-8297-3600> E-mail: altiibek@ufe.edu.mn

© Valikhanov IHE, 2026
 © Toktarbayuly A. 2026


Abstract: *Introduction.* This article examines the policy of agricultural collectivization and its outcomes during the period of 1954–1959, using Bayan-Ölgii Province as a case study. The study analyzes the establishment and development of agricultural cooperatives and the state policy aimed at involving herders in collectivization campaigns. It also explores the ideological influence of the ruling party and the role of the command-administrative system in rapidly transforming private livestock-based households into collective economic units. *Goals and objectives:* to investigate how the collectivization policy implemented by the government of the Mongolian People’s Republic during 1954–1959 was carried out in rural and remote areas characterized by traditional nomadic culture and distinct national features, and to assess its socio-economic results in the Bayan-Ölgii region. The study is based on local archival documents, Soviet-era sources, regional historical studies, and post-socialist scholarly works that provide a multi-perspective analysis of the collectivization process. *Results.* The findings show that from 1954 onward, collectivization expanded rapidly, and by 1958–1959, livestock-based agriculture had been almost fully collectivized within a very short period. This process was significantly supported by propaganda efforts and the active participation of the Kazakh population in the region. *Conclusion.* The study concludes that the acceleration of collectivization led to a restructuring of the local administrative system, resulting in the formation of the “somon-cooperative” administrative model in 1959, which integrated local governance with collective farm management.

Keywords: Bayan-Ölgii Province; Mongolian People’s Revolutionary Party; collectivization; agricultural cooperatives; command-administrative system; livestock economy; rural transformation

For citation: Toktarbayuly A. The policy of collectivization of the national economy and its results (1954–1959, on the example of Bayan-Ölgii province) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 530–548. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_530-548.

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954-1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА)

Алтынбек Тоқтарбайұлы¹

¹Қаржы және Экономика университеті
(5,Энхтайван даңғылы, Ұланбатыр, Моңғолия)
«Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының оқытушысы
Моңғолия Ұлттық Университеті, Тарих кафедрасының докторанты
 <https://orcid.org/0009-0005-8297-3600> E-mail; altiinbek@ufe.edu.mn

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Тоқтарбайұлы А. 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада бірлестіктердің құрылуы мен дамуы, сондай-ақ мемлекет тарапынан малшыларды ұжымдастыру науқанына қамту жөнінде жүргізілген саясат сипатталады. Зерттеу барысында партияның идеологиялық саясаты мен әміршіл-әкімшіл жүйенің халықты ұжымдық шаруашылыққа қысқа уақытта қамтуы жан-жақты сипатталған. Жәнеде мемлекет тарапынан жеке шаруашылықты ұжымдастыру нәтижесінде әкімшілік бірлікпен бірлестікті қамтыған жаңа жүйенің қалай қалыптасқаны баяндалмақ. *Мақсаты мен міндеттері.* Моңғол Халық Республикасының Үкіметі 1954–1959 жылдары ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын қарқынды және қысқа мерзімде жүзеге асырды. Демек бұл саясаттың ауылдық жерлерде, соның ішінде орталықтан шалғай орналасқан, дәстүрлі мәдени элементтері мол, ұлттық ерекшелігі бар Баян-Өлгий аймағында қалай жүзеге асқаны және нәтижесі зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. *Материалдар мен әдістер.* Мақалада жеке шаруашылықты ұжымдастыру барысында мемлекет жүргізген саясат пен оның нәтижесі Баян-Өлгий аймағы мысалында болуына сәйкес жергілікті архив құжаттары негізінде зерттеліп, талданады. Автордан кеңестік дәуірдегі деректер, сондай-ақ өлкетанудағы екебектер, сонымен қатар демократиялық реформалар кезеңінде көпқырлы көзқарас тұрғысынан жасалған зерттеулерге сүйене отырып жаңаша бағалауды ұсынады. *Нәтижелері.* 1954 жылдардан Моңғол үкіметі тарапынан ұжымдастыру қозғалысын кең көлемді өрбіту саясатын ұстанды. Нәтижесінде 1958–1959 жылдары не бәрі бір жылдай уақыттың ішінде халық шаруашылығы толықтай ұжымдастырылды. Бұл науқанға қазақ қауымы шоғырланған ұлттық аймақ Баян-Өлгийдегі еңбекшілердің қолдауымен үгіт-нәсихат аясында ойдағыдай іске асты. Баян-Өлгий аймағы аумағында көптеген ауыл шаруашылығы бірлестігі орнап, ел халқының қоғамдық, экономикалық саласына көптеген өзгерістер болды. *Қорытынды.* Ұжымдастыру науқанының қарқын алуы жергілікті әкімшілік басқару жүйесін қайта ұйымдастыруды талап етті. Сол себепті 1959 жылы сұмын мен бақ әкімшілік құрылымы өзгертіліп, сұмын әкімшілігі мен ауыл шаруашылығы бірлестігінің басқармасы біріктірілген «сұмын-бірлестік» жүйесі қалыптастырылды.

Түйін сөздер: Баян-Өлгий аймағы, МХРП-ның Орталық комитеті, ЕДХ-ның Атқару әкімшілігі, аймақтық Партия комитеті, ұжымдастыру, бірлестік, ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы, ауыл шаруашылық бірлестігі

Дәйексөз үшін: Тоқтарбайұлы А. Халық шаруашылығын ұжымдастыру саясаты және оның нәтижелері 1954–1959 (Баян-Өлгий аймағы мысалында) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 530–548 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_530-548.

ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ 1954–1959 ГГ. (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА)

Алтынбек Тоқтарбайұлы¹

Университет финансов и экономики

(5, проспект Энхтайван, Улан-Батор, Монголия)

Преподаватель кафедры «Общественные науки»

Докторант кафедры истории, Монгольский национальный университет

 <https://orcid.org/0009-0005-8297-3600> E-mail: altiinbek@ufe.edu.mn

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Токтарбайулы А. 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются процессы создания и развития сельскохозяйственных объединений, а также государственная политика по вовлечению животноводов в кампанию коллективизации. В ходе исследования подробно описывается идеологическая политика партии и влияние командно-административной системы на ускоренное вовлечение населения в коллективные формы хозяйствования. Также рассматривается формирование новой системы, при которой частные хозяйства были коллективизированы и интегрированы в административные единицы и хозяйственные объединения. *Цель и задачи исследования.* Правительство Монгольской Народной Республики в 1954–1959 гг. проводило политику ускоренной коллективизации сельского хозяйства. Основной целью исследования является изучение того, как данная политика была реализована в сельских районах, в частности в удалённом регионе с выраженными традиционными культурными элементами и национальной спецификой — Баян-Өлгий аймаке, а также анализ её результатов. В статье анализируется государственная политика коллективизации частных хозяйств и её результаты на примере Баян-Өлгий аймака на основе местных архивных документов. Автор опирается на источники советского периода, краеведческие исследования, а также работы постсоциалистического периода, в которых представлен многогранный подход к оценке данных процессов. *Результаты.* С 1954 года правительство МНР проводило политику широкомасштабного развития коллективизационного движения. В результате в 1958–1959 гг. практически за один год сельское хозяйство было полностью коллективизировано. Данная кампания успешно реализовалась при поддержке трудящихся казахского населения Баян-Өлгий аймака в условиях активной агитационно-пропагандистской работы. В регионе было создано множество сельскохозяйственных объединений, что привело к значительным изменениям в социально-экономической сфере. *Выводы.* Ускорение коллективизации потребовало реорганизации местной административной системы управления. В связи с этим в 1959 году была изменена структура сомонов и багов, и сформирована система «сомон-объединение», при которой административное управление сомона и руководство сельскохозяйственным объединением были объединены.

Ключевые слова: Баян-Өлгий аймак, Центральный комитет Монгольская народно-революционная партия, исполнительные органы местных органов власти, аймачный партийный комитет, коллективизация, объединение, сельское хозяйство, народное хозяйство, сельскохозяйственное объединение

Для цитирования: Токтарбайулы А. Политика коллективизации народного хозяйства и её результаты 1954–1959 гг. (на примере Баян-Улгий аймака) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 530–548. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_530-548.

Кіріспе

1950-жылдардың ортасында Моңғол Халық Республикасы (МХР) ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру бағытын күшейтіп, жеке мал шаруашылығын жаппай ұжымдастыру саясатын жүзеге асырды. Бұл үдеріс елдің дәстүрлі көшпелі шаруашылық жүйесін түбегейлі өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар әкімшілік-аумақтық басқару құрылымының қайта ұйымдастырылуына да алып келді.

Аталған тақырыптың өзектілігі ұжымдастыру саясатының тек экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, саяси және басқару жүйесіндегі терең өзгерістерді туындатқан кешенді тарихи процесс екенімен айқындалады. Әсіресе Баян-Өлгий

аймағы сияқты этникалық ерекшелігі бар, географиялық тұрғыдан шеткері орналасқан өңірде бұл саясаттың жүзеге асу ерекшеліктері толық ашылмаған.

Ұжымдастыру нәтижесінде қалыптасқан ауыл шаруашылығы бірлестіктері мен «сұмын–бірлестік» сияқты жаңа әкімшілік жүйенің пайда болуы аймақтық басқару тарихындағы маңызды трансформациялық кезең болып табылады. Осыған байланысты бұл үдерістің жергілікті деңгейдегі іске асу механизмін, оның әлеуметтік-экономикалық салдарын және басқару құрылымына әсерін зерттеу ғылыми тұрғыдан маңызды.

Зерттеудің маңызы Баян-Өлгий аймағындағы ұжымдастыру тәжірибесін деректік материалдар негізінде жан-жақты талдау арқылы Моңғолиядағы аграрлық саясаттың аймақтық ерекшеліктерін нақтылау және тарихи үдерістерге көпқырлы баға беру мүмкіндігін кеңейтуінде. Сонымен қатар бұл зерттеу дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың социалистік жүйеге бейімделу жолдарын түсінуге және әкімшілік-шаруашылық интеграцияның тарихи моделін айқындауға үлес қосады.

Аталмыш мәселе төңірегінде соңғы жылдары Моңғолия ғалымдары біршама ізденістер жасады. Дегенмен осы зерттеулердің басты нысаны ұжымдастыру саясатының халық шаруашылығына көрсеткен зардабы мен кері әсері төңірегінде болды.

Біз осы жолғы зерттеуімізде ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің құрылуы мен дамуы, олардың мүшелерінің жеке меншігіндегі мал және өндірістік ресурстардың ортақ меншікте шоғырлануы, сондай-ақ жаппай ұжымдастыру науқанының аймақтағы ерекшеліктері мен нәтижелері. Осы зерттеу арқылы Баян-Өлгий аймағының ұжымдастыру тарихын, оның әлеуметтік-экономикалық әсерін және ауыл шаруашылығының құрылымдық өзгерістерін жан-жақты көрсету көзделеді.

Осыған сәйкес ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатының зардабы мен кері әсерін айшықтаудан көрі, жеке шаруашылықты ұжымдастыру саясаты нәтижесінде мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірліктері жүйесіне қалай әсер еткенін анықтауды мақсат еттік.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының деректік базасын Баян-Өлгий аймағының Мемлекеттік архиві бөлімшесінің (БӨАМАБ) қорларында сақталған ресми құжаттар құрайды. Атап айтқанда, аймақтық Еңбекшілер депутаттары Хуралы (ЕДХ)-ның Атқару әкімшілігі мен аймақтық Партия комитетінің қаулылары, шешімдері, есептері мен хаттамалары кеңінен пайдаланылды.

Сонымен қатар Моңғол Халық Революциялық партиясының Орталық комитеті мен Министрлер Кеңесінің ресми құжаттары, съезд материалдары мен пленум шешімдері дереккөз ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында кеңестік кезеңде жарық көрген ресми статистикалық жинақтар мен ғылыми еңбектер, т.б. тарихи зерттеулер қолданылды. Бұдан бөлек, 1990-жылдардан кейінгі демократиялық өзгерістер кезеңінде жарық көрген көпқырлы көзқарасқа негізделген зерттеулер мен өлкетану еңбектері де салыстырмалы түрде талданды. Бұл деректер ұжымдастыру үдерісінің аймақтық ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы тарих ғылымындағы жүйелік және тарихи-салыстырмалы әдістерге негізделеді. Негізгі әдістер ретінде салыстыру, жүйелеу, құжаттық (деректанулық) және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Ұжымдастыру саясаты тек экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар саяси-идеологиялық және әкімшілік басқару жүйесімен тығыз байланыста қарастырылды.

Әкімшілік құрылым мен шаруашылық жүйенің өзара ықпалдастығын талдау барысында құрылымдық-функционалдық тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл «сұмын–бірлестік» жүйесінің қалыптасуын тек экономикалық емес, сонымен қатар басқару жүйесінің эволюциясы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау

Мыңдаған жылдар бойы төрт түлік малдың табиғи ырғағына сай көшпелі өмір салтын

ұстанып, бытыраңқы әрі өзін-өзі ғана қамтамасыз ету сипатындағы шаруашылық жүргізіп келген малшы қауымды дәстүрлі қалыптасқан тұрмыс жүйесінен шығарып, оларды ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі дамыған қоғамның еңбекші азаматтарына айналдыруда ұжымдастыру үдерісі маңызды тарихи рөл атқарды.

МХР ауыл шаруашылығын ұжымдастырып, кооперативке біріктіру қозғалысын сол кездегі саяси билеуші күш Моңғол Халық Революциялық партия (МХРП)-сы және оның Бас хатшысы Ю. Цэдэнбал бастаған жетекшілікте жүзеге асырды. Ол кейіннен: *«Халық шаруаларын социалистік қоғамдық шаруашылық жүйесіне толық тарту үдерісі 1921 жылғы Халық революциясымен тең дәрежедегі тарихи маңызға ие ірі оқиға болып саналады»* деп субъективті түрде тұжырым жасады (Цэдэнбал, 1967: 421).

Ю. Цэдэнбалдың бұлай деуінің өз себебі бар еді. Халық шаруашылығын мәжбүрлеп ұжымдастырудың ауыр сабақтары осы елде 1930-жылдары орын алған экономикалық және саяси келеңсіздіктен белгілі болатын. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары МХРП-сы оң және сол қанатқа бөлініп, елдің болашақ дамуы жөнінде пікірталас жүріп жатқан уақытта, 1928 жылы Коминтерннің белсенді қатысуымен «Солшылдар» билікке келді. Солшылдар Монголияда социализм орнату мақсатында әрекет еткен кезде елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінде айтарлықтай ауытқулар туындады.

Коминтерн мен Кеңес Одағының толық өкілетті өкілдері, нұсқаушылар елді қатаң қадағалап, барлық іс-шараларды ұйымдастыруға кіріскендіктен, Монғолдың жоғарғы мемлекеттік билік органы Ұлы Хурал, Кіші Хурал және Үкімет өз өкілеттігінен айырылып, халықтың билікке деген сенімі төмендеді. Солшыл билігі Коминтернмен тығыз байланыста жұмыс жасап, олардан тұрақты кеңес алып, бірлесе әрекет етті.

Кеңес Одағының моделін көшіріп, жеке меншікті жойып, малшылардың мал-мүлкін мәжбүрлеп ұжымдастыру арқылы коммуналдық, кооперативтік, артель сияқты ұжымдарды көптеп құруға кірісті. Бұл жолы бір сөзбен айтқанда Моңғолия Кеңестік саясатының құрбандығына (тәжірибе алаңы) айналды.

Ұлт ерекшеліктерін ескермей, социализм орнату мақсатын асыра сілтеп іске асыру нәтижесінде малшылар өз малын ортақ меншікке беруден бас тартып, көпшілігі малын талан-таражыға салып, кей-біреулері шекара асып қашуға ұмтылғандықтан экономикалық дағдарыс туындап, ел бойынша кең тұтынылатын тауарлар тапшылығы пайда болды. Ал елдің экономикасының негізі саналатын мал басы қысқа мерзімде 7 миллионға азайды. Халықтың наразылығы шарықтау шегіне жетіп, елдің оңтүстік бөлігіндегі 10 аймақтан 42 мыңнан астам адам көршілес Қытай Республикасына босып кеткен. Ал солтүстік аймақтарда халықтың көтеріліс қозғалыстары 1929, 1930 және 1932 жылдары орын алды.

Осылайша Солшылдар өз саясатын қарап көруге және халық мүддесімен санасуға мәжбүр болды. Сөйтіп өз қателіктерін түзету мақсатында «Жаңа серпінді саясат»-ын жариялап мәжбүрлеп құрылған кооперативтер мен коммуналарды таратып, малшыларға мал-мүлкін қайта қайтарды. Бұл саясат 1932–1940 жылдар аралығында өз жалғасын тапты.

Сөйтіп ел ішіндегі келеңсіздік арылып, ел экономикасы тұрақтанған сәтте арада 8 жыл салып халықты ұжымдық еңбекке шақырған бұл саясат алдыңғысынан жұмсақ әрі икемді түрде жүріле бастады.

1940 жылы шақырылған МХРП-ның X съезінен халықтық өндірістік бірлестіктерін дамытып, бірігіп мал өсіру, шөп дайындау, қора-қоршау салу, құдық қазу, жүкті тасымалдау сияқты қарапайым еңбек түрлері арқылы алғашқы бірлестік құруға болатыны көрсетілген.

Сөйтіп 1954 жылы МХРП-ның XII съезінен халық шаруашылығын қысқа мерзімде ұжымдастыру және біріктіру саясатын қолдаған шешім қабылданды. Бұл халықтың қолындағы малын ортақ меншікке алу болды. 1958–1959 жылдары бүкіл ел бойынша жеке шаруашылықтың малы мен шаруашылығын ұжымдастыруға бағытталған науқан жүргізіліп, Моңғолияда ауыл шаруашылығын бірлестікке қамыту саясаты қысқа мерзімде сәтті іске асты.

Бұл қозғалысқа Баян-Өлгий аймағы халқы бірдей қатысып аймақ көлемінде алғашқы болып 1942 жылы Алтанцөгц сұмында Халықтық өндірістік бірлестігі орнады. Осылайша аймақ халқы халық шаруашылығын ұжымдастыру науқанына белсене қатысқаны жөнінде

көптеген деректерде көрсетілген.

«Халықтық» деген сипаттағы жеке шаруашылықты, шаруашылық иелерінің көпшілігін ұжымдық немесе кооперативтік шаруашылыққа айналдыру Монгол елінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығының формасын түбірімен өзгерту мәселесі болғандықтан, партияның съезінің құжаттарында ұжымдастыру қозғалысын «елде социализм орнату бойынша ең маңызды әрі ең күрделі мақсат» деп ерекше атап көрсеткен.

Мұндай ұжымдастыру мақсатын «сәтті жүзеге асыру» үшін Кеңес Одағының тәжірибесіне және көмегіне сүйену міндетті болып саналды. Шын мәнінде Кеңес Одағы мен социалистік елдерде қалыптасқан теориялық негіз дайын болды. Бұл В.И. Лениннің кооперативтік теориясы еді.

В.И. Лениннің кооперативтік теориясына сәйкес, шаруашылықты жеке формадан мемлекеттік немесе кооперативтік формаға мәжбүрлеп ауыстыру мүмкін емес, сондықтан мұндай түбегейлі жаңару сипатындағы үдеріс толықтай жеке шаруашылық иелерінің өз еркіне немесе «ерікті принципке» сүйене отырып жүзеге асырылуы қажет деп есептелген.

Ел ішіндегі келеңсіздік арылып, ел экономикасы тұрақтанған сәтте арада 8 жыл салып халықты ұжымдық еңбекке шақырған бұл саясат алдыңғысынан жұмсақ әрі икемді түрде жүріле бастады.

МХР-сы жеке шаруашылықтарды ұжымдастыру саясаты жөнінде өткен ғасырдың екінші жартысында маркстік-лениндік ілімі бойынша теория, идеология және мемлекеттік саясат тұрғысынан айтарлықтай зерттеп зерделеді.

Атап айтсақ, 1970-жылдары ауыл шаруашылық бірлестіктерін теориялық және практикалық жағынан зерттеу жұмысы қарқын алып, мемлекет тарапынан жеке шаруашылықтарды ұжымдастыру саясатын маркстік-лениндік теорияны басшылыққа ала отырып зерделеуге кірісті. Нәтижесінде маркстік тарихнама бойынша С. Жадамба (Жадамба, 1958: 3), М. Даш (Даш, 1941: 30), Д. Түмэнжаргал (Түмэнжаргал, 1972: 98), Б. Лүмбэн (Лүмбэн, 1975: 69), Д. Балжинням, Я. Шагдар (Балжинням, Шагдар, 1979: 20) сынды зерттеулерде ұжымдастыру саясатын таптық тұрғыдан түсіндіріп, социализм құрудағы ең сара жол деп көрсетті.

Бұл мәселе бойынша жарық көрген БНМАУ-ын түүх (БНМАУ-ын түүх, 1955), Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын түүх – III том (БНМАУ-ын түүх. 1966, 1968, 1969), Монгол улсын түүх – V том (Монгол улсын түүх, 2003) іргелі зерттеу еңбектері мәселенің тарихи қырларын жан-жақты қарастырады.

Алайда Моңғолияда 1990-шы жылдардан басталған демократиялық өзгерістер нәтижесінде тарих ғылымының теориялық-әдістемелік негіздері өзгеріп, көпжақты көзқарас пайда болғаннан кейін, ғалымдардың зерттеулерінде ұжымдастыру қозғалысының жетістіктері мен кемшіліктері атап өтілгенімен шаруашылықты ұжымдастыру нәтижесінде әкімшілік бірлікпен бірлестікті қамтыған жаңа жүйенің қалай қалыптасқаны жайында зерттеу жасалмады.

Жәнеде өлке тарихы зерттеулерінде А. Мініс, А. Сарай (Мініс, Сарай, 1960: 120), Т. Алданыш (Алданыш, 1975: 5), Х.Ислам (Ислам, 1980: 215), М. Құрметқан (Құрметқан, 1997: 120), Ш. Жүкей (Жүкей, 2000: 170), Х. Зардыхан (Зардыхан, 2003: 199) қатарлы ғалым, зерттеушілер еңбегінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жөніндегі үкімет саясатына қысқаша тоқталып, кей бір кемшіліктерін атап көрсеткенімен ұжымдастыру қозғалысының нәтижесінде пайда болған сұмын-бірлестік жүйесі туралы зерттелмеуі бұл реткі зерттеуіміз жоғарыдағы олқылықтың орнын толтыруға азды-көпті өз үлесін қоспақ.

Жәнеде осы мәселе бойынша жүргізілген зерттеулер қысқа әрі жергілікті архивтік құжаттарды аз қолданған қатарлы кемшіліктерге ие болғандықтан осы реткі біздің зерттеудің жаңа тұсы алдыңғы зерттеулерде талқыланбаған мәселелердің басын ашып тың деректер бойынша толықтырылды.

Зерттеу Моңғол Халық Республикасының ауыл шаруашылығы саласы аясында жүргізілгендіктен, жер-су атаулары, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен ұжымдық шаруашылық атауларының мағынасын бұрмаламау мақсатында түпнұсқадағыдай, яғни

МОНГОЛ ТІЛІНДЕ САҚТАЛЫП ЖАЗЫЛҒАНЫ ЕСКЕРІЛГЕН ЖӨН.

Нәтижелері.

1950-ші жылдардың орта шенінде МХР-сы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қимылын өрістету жөнінде үкіметпен партия тарапынан көптеген маңызды іс шаралар ұйымдастырды.

МХРП-ның XII съезі 1954 жылдың қарашасында өтіп, партия ережесіне өзгертулер енгізіп, МХР-ның экономикасы мен мәдениетін дамытудың екінші бесжылдық жоспарына арналған нұсқауларды бекітті. Съезд елдегі социализмнің негіздерін құру жөнінде партия тарапынан қойылған мақсаттарын анықтады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі мақсатын халықтық бірлестік және қазына шаруашылығын ұйымдастыру мен басқаруды нығайту, сондай-ақ еңбекшілерді ұжымдық шаруашылықтың артықшылықтарына сендіру арқылы оларды тиімді ірі шаруашылықтарға айналдыру деп санады.

МХРП-ның XII съезінің шешімдерін орындау мәселесі 1954 жылы желтоқсанда аймақтық Партия комитетінің белсенділер жиналысында талқыланды. Белсенділер жиналысында ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты Партия съезінен қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін аймақтың жаңа бесжылдық жоспарының бағыты анықталды.

1954 жылы сәуір айында МХРП-ның Орталық комитеті пленумы отырысында халықтық өндіріс бірлестігінің үлгілік ережесін дайындап қабылдату шешімін шығарды. Сөйтіп 1955 жылы МХР-ның Ауыл шаруашылық озаттарының мемлекеттік алғашқы құрылтайы болып, ауыл шаруашылық бірлестігінің үлгілік ережесін бекітіп, халықтық өндіріс бірлестігін «ауыл шаруашылығы бірлестігі» деп атады. Жаңа ережеде бірлестік мүшелерінің жеке малының саны белгіленіп, еңбекке қабілетті әрбір мүше жыл сайын кемінде 75 еңбек күнін атқаруға тиіс, және тек отағасы ғана емес, отбасының 16 жастан асқан барлық мүшелері кооператив мүшесі болуға міндеттелген. Жәнеде ауыл шаруашылық бірлестігін ұжымдық еңбек, өндірістік құрылдарды қоғамдық меншікке негізделген ұжымдық социалистік шаруашылық ретінде нығайтуға бағытталған.

Екінші бесжылдық жоспар жылдарында ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің саны біртіндеп артты. 1954 жылғы мәлімет бойынша аймақ көлемінде 443 мүшесі және ортақ меншіктегі 14 000 бас мал тиесілі 12 бірлестік жұмыс істеді. Бұл жеке шаруашылықтың тек 1,1 %, барлық малдың 5 %-ын ғана қамтығанын көрсетеді. Бұл жаңадан құрылған бірлестіктерге әртүрлі қолдау шаралары мен насихаттауға қарамастан, ел экономикасының негізгі көзі саналатын мал шаруашылығын ортақ меншікке айландыру үрдісі тоқырауда болғанын көрсетеді.

1955 жылдың 1 қыркүйегінен кейін бірлестікке ілесуші барлық жаңа мүшелер арасындағы мал саны және табын құрамын алып көрсек:

- Малсыз 2,5%,
- Бір басқа дейін ірі қарасы барлар 1,7 %,
- 1-10 дейін ірі қарасы барлар 25,7 %,
- 11-30 дейін ірі қарасы барлар 46,8 %,
- 31-50 дейін ірі қарасы барлар 15,1 %,
- 51-60 дейін ірі қарасы барлар 1,9 %,
- 61-100 дейін ірі қарасы барлар 4,1 %,
- 101-150 дейін ірі қарасы барлар 1,3 %,
- 151-200 дейін ірі қарасы барлар 0,3 %,
- 201-260 дейін ірі қарасы барлар 0,09 %,
- 260 басынан жоғары ірі қаралы (жоқ) (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 593-іс. 25-п).

Осыдан көрініп отырғандай, кедей және орта дәулетті шаруашылықтардан бірлестікке ілесуі айтарлықтай көп болып, ал көп малды шаруашылықтардың бірлестікке қамтылу

қозғалысы баяу екенін көрсетеді. Сондықтан аймақ көлемінде кооперативтердің саны біртіндеп артқанымен, малдың белгілі бір бөлігі әлі де бай шаруашылықтардың қолында қалды.

1953 жылғы жағдай бойынша 1-100 бас малы бар отбасы, халық шаруашылығының жалпы санының 65%-ын құрауы малшы көпшілігінің негізінен кедейлер екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бірлестікке ілесушілердің 79 %-ы 1-100 басқа дейін, аз малы бар болуы ортақ меншіктегі мал саны аймақтағы барлық малдың 31 %-ын ғана құрады.

Осы себептерге байланысты бірлестіктердің малы өсіп, кірістері артқанымен олар партия мен үкімет қойған талаптарға жете қоймады. Деректерге қарағанда, аймақта 1957 жылғы жағдай бойынша бірлестікке ілеспеген 2001 бай малшы отбасында 228 920 бас мал болған (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 654-іс. 36-п), яғни олар өз меншігін ортақ меншікке айналдыруға ниеті жоқ жәнеде бір сөзбен айтқанда «ел соңында қалғандар» болды.

Кесте 1. Баян-Өлгий аймағындағы ауыл шаруашылығы бірлестігінің өсуі (Мініс, Сарай, 1960: 80).

| Жылдар | Ауыл шаруашылы бірлестігінің саны | Отбасы саны | Мүшелер саны | Ортақ мал (басы) |
|--------|-----------------------------------|-------------|--------------|------------------|
| 1942 | 2 | 33 | 33 | 12 |
| 1943 | 5 | 91 | 91 | 1 301 |
| 1950 | 6 | 107 | 107 | 1 508 |
| 1952 | 11 | 207 | 207 | 2 222 |
| 1954 | 12 | 446 | 446 | 11 894 |
| 1956 | 24 | 3 019 | 5 925 | 130 367 |
| 1957 | 36 | 5 798 | 11 828 | 277 883 |

Кестеде көрсетілгендей Баян-Өлгий аймағы аумағында алғаш 1942 жылы ұжымдық шаруашылық негізі қаланса, олардың саны 1954 жылы 2-ден 12-ге дейін өскен. Жәнеде 1954 жылдан бастап бірлестіктер тек ғана мал шаруашылығын қолға алды. Соның нәтижесінде 1954–1957 жылдары аралығында бірлестік саны мен мүшелері өсіп ғана қоймай, ортақ малы 1954 жылғы есепте 11 894 болса, 3 жыл ішінде мал басы 277 883 болып өскенін байқауға болады.

Бірлестік әлеуетін арттырып мүшелерін көбейту мақсатында үкіметтен ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, 1953 жылы аймақтық ЕДХ-нің Атқару әкімшілігінде «Халықтық өндірістік бірлестік бөлімі» болып құрылған болса 1955 жылдан бастап «Бірлестік станциясын басқару бөлімі» болып ұлғайтылды. Бұл бөлім бірлестіктердің есеп-қисабы мен тіркеуін жүргізуге, еңбек күндерін және өндіріс жоспарын ұйымдастыруға көмек көрсетті. Сонымен қатар бірлестік бастығы мен есепшілерге кеңес беру, семинарлар өткізу, бірлестік жұмысын ұйымдастыру, ортақ еңбектің артықшылықтарын жеке шаруашылықтар арасында насихаттау сияқты идеологиялық және ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізді.

1955 жылдан бастап аймақта малшыларды бірлестікке ілестіру, әр бірлестіктің ішкі ережесін әзірлеу жұмыстары жүргізіліп, бірлестіктің артықшылықтары туралы тақырып барлық аймақтарда насихатталды. Нәтижесінде аймақтың малшылар арасында бірлестікке ілесу қозғалысы күшейіп, дәулеті аз шаруашылықтармен қатар бай шаруашылықтарды да бірлестікке ілесуге әртүрлі жолдармен сендіру және тарту шаралары басталды.

Осы шараларға саяси және идеологиялық сипаттағы насихат жұмыстары жүргізіліп, билік малшыларға мал бағу әдістері ескі (дәстүрлі), артта қалған (мешеу) технологиямен жүргізіліп жатыр, малдың күтімі нашар, мал қоралары мен жем-шөп дайындау жұмыстары жеткіліксіз деген сияқты сын айтылды. Алайда, шын мәнінде малдың табиғи шығынымен жұттың болуы дәстүрлі мал бағу әдістерінің олқылығы емес адамзат тарихының әр кезеңінде болып келген жәйт екені мәлім еді.

Тіпті Бірінші бесжылдықта (1947–1952) мал өсіру жоспарының орындалмау себебін атап өту барысында үкімет басшысы Ю. Цэдэнбал: «...мал шаруашылығының көп бөлігі шағын өндірушілердің қолында, тарқай тараған жүздеген мың халықтық шаруашылықтар болғандықтан, оны қоғамдағы ірі шаруашылық сияқты тез дамыта алмады» деген пікір

айтты (МАХН, 1955: 31). Бұл пікір малшылар өз малын ортақ меншікке айналдырып, бірігіп кооперативке қосылмайынша мал шаруашылығын дамытуға тиімді жол жоқ екенін насихаттады.

Аймақтық ЕДХ-ның Атқару әкімшілігінің № 19 шешімімен 1955 жылы 8-ші наурызда, Дэлүүн сұмының 3-ші бағына қарасты 27, Цагаангол сұмының 3-ші және 9-шы бағынан 25, Баяннуур сұмының 4, 5, 6 және 7-ші бағынан 90 және Цагааннуур сұмының 3-ші бағының 35 жеке шаруашылық иесіне халықтық өндірістік бірлестіктің үлгілік ережесінің 2-бабына сәйкес халықтық өндірістік бірлестігін құруға рұқсат етілді (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 548-іс. 109-п).

Сонымен қатар, 1956 жылы 13-ші наурыз күні ЕДХ-ның Атқару әкімшілігінің №42 шешімімен Буянт сұмының «Мандах Нар» бірлестігі, Баяннуурда «Алтан Гадас» бірлестігі, ал Булганда «Оргил» және «Залуу үе» қатарлы бірлестік құруға рұқсат берілді.

Кесте 2. Жаңадан құрылған бірлестіктердің жан саны және ортақ дәулеті (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 601-іс. 29-п).

| | Сұмын атауы | Бірлестік атауы | Жан саны | | | Ортақ мүлік (мал) | | | | | |
|---|-------------|-----------------|----------|----------|---------|-------------------|-------|------|-----|------|---------|
| | | | Отбасы | Мүшелері | Барлығы | Түйе | Жылқы | Сиыр | Қой | Ешкі | Барлығы |
| 1 | Буянт | Мандах нар | 21 | 41 | 78 | -- | 19 | 125 | 737 | 287 | 1 168 |
| 2 | Баяннуур | Алтан гадас | 33 | 33 | 122 | 1 | 20 | 5 | 213 | 597 | 836 |
| 3 | Булган | Оргил | 45 | 101 | -- | -- | 4 | 5 | 146 | 198 | 353 |
| 4 | | Залуу үе | 26 | 49 | 72 | 2 | 13 | 5 | 41 | 253 | 669 |

Жаңадан құрылған бірлестіктер бастапқы кезеңде мал саны мен адам құрамы жағынан шағын болған. Мандах нар бірлестігі мүшелерінің саны аз болғанымен, ортақ мал басы салыстырмалы түрде көп болған. Ал Оргил бірлестігі жағдайында керісінше, мүшелер саны көп болғанымен, ортақ мал саны аз екені анықталады. Осылайша, шағын және ірі бірлестіктер біртіндеп біріктіріліп, олардың саны кезең-кезеңімен арта түскені байқалады.

1956 жылдың соңында аймақ көлемінде барлығы 32 ауыл шаруашылығы бірлестіктері жұмыс істеп, осы бірлестіктерде аймақтың барлық малының 85 %-ы, отбасының 70 %-ын, халықтың 70 %-ын құрады (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 697-іс. 2-п).

Сондай-ақ, 1957 жылы 23-ші қаңтар күні ЕДХ-ның Атқару әкімшілігі мүшелерінің № 4/9 шешімімен төменде көрсетілген бірлестіктер көптеп құрылды.

Кесте 3. Жаңа құрылған бірлестіктер тізімі (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 604-іс. 1-2-п).

| № | Сұмын атауы | Бірлестік атауы | Бак | Отбасы саны | Мүшелер | Мүлік (б. мал) |
|----|-------------|-----------------------|-----------|-------------|---------|----------------|
| 1 | Дэлүүн | Октябрь 39 | 1, 2, 8 | 122 | 278 | 5 301 |
| 2 | | Урагшаа | 4, 5, 9 | 155 | 372 | 3 110 |
| 3 | | Хунтын мандал | 10 | 32 | 66 | 1 200 |
| 4 | Толбонуур | Алтын Өлке | 2, 3 | 150 | 320 | 4 900 |
| 5 | | Жаңа нұр | 10, 11, 4 | 125 | 260 | 5 429 |
| 6 | | Алтан булаг | 1 | 70 | 150 | 2 060 |
| 7 | Ойгор | Достық шың | -- | 65 | 133 | 2 588 |
| 8 | Цагааннуур | Партизан | 3 | 18 | -- | 285 |
| 9 | Буянт | Ялалтын оргил | 2 | 32 | 82 | 2 504 |
| 10 | Алтанцөгц | Цагаан Түнгийн билчир | 5 | 27 | 63 | 240 |

Жоғарыда аталған 6 сұмын аумағында жаңадан құрылған 10 бірлестікте орта есеппен 80 отбасы, 180 мүше және шамамен 2 800 бас мал шоғырланған. Бұл көрсеткіштер бірлестіктердің бастапқы кезеңде салыстырмалы түрде іріленген құрылым ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар, аталған бірлестіктерге моңғол және қазақ тілдерінде, революциялық-социалистік сипаттағы атаулар берілгені байқалады.

1957 жылдың қарашасында малшыларды бірлестікке ілесу бастамасын қолдап,

белсенділігін арттыру мақсатында Партия комитетінің пленум отырысы болды. Отырыста, «Ауыл шаруашылығы бірлестігінің қазіргі жағдайы және партия ұйымының мақсаттары» деген мәселе талқыланды. Пленумде алдағы мақсаттар анықталып, бірлестіктердің орталықтарын орналастырып ретке келтіру, ортақ дәулетті арттыру арқылы мүшелерді қоғамдық еңбекке біркелкі тарту, халық шаруашылық иелеріне бірлестіктің артықшылықтарын түсіндіру, үлгілік ережелерді өмірде жүзеге асыру, партия ұйымдары арқылы бірлестіктің өндірістік қызметіне терең араласып жұмыстау және партия мүшелерінің көшбасшылық қабілетін арттыруды маңызды деп танылды.

Осы шаруалар аясында бірлестікке кіруге ниетті малшыларды жан-жақтылы қолдау көрсету арқылы оларды қамту, көптеп үгіт нәсихат жұмысын партия ұясы қызметкерлері белсенді түрде жүргізді. Құзырлы орган (№ 9/24) шешімімен 1957 жылы 7-ші наурыз күні төмендегі бірлестіктер жаңадан құрылды.

Кесте 4. Жаңадан құрылған бірлестіктер және олардың мал мен адам саны (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 651-іс. 4-п).

| № | Сұмын атауы | Бірлестіктің атауы | Бақ | Отбасы саны | Мүшелер | Мүлік (мал) |
|---|-------------|--------------------|------|-------------|---------|-------------|
| 1 | Алтанцөгц | Нар мандах | 1, 6 | 25 | 65 | 761 |
| 2 | Ногооннуур | Талап | 3, 5 | 48 | 119 | 624 |
| 3 | Буянт | Мөнх хайрхан | 4, 5 | 19 | 40 | 525 |
| 4 | Цагааннуур | Достық | 6 | 66 | 137 | 63 |

Жоғарыдағы Алтанцөгц, Ногооннуур, Буянт, Цагааннуур сұмындары аумағында құрылған бірлестіктердің әрқайсысына орташа есеппен 40 отбасы, 90 мүше және 493 бас мал тиесілі екені байқалады. Бұл көрсеткіштер аталған бірлестіктердің ауқымы шағын, экономикалық әлеуеті төмен болғанын аңғартады. Дегенмен 1955–1957 жылдары жеке шаруашылық иелерінің бірлестікке қамтылу қозғалысы жаңа деңгейге көтерілгенін айта кеткен жөн.

Атап өтсек, 1953 жылы «ортақ 5 141 бас мал мен 321 мүшесі бар 11 бірлестік болса, 1957 жылы ортақ 277 833 бас мал, 11 828 мүшесі бар 36 бірлестік құрылып (Алданыш, 1975: 6), бірлестік саны 3,2 есе, мүшелер саны 36 есе, ортақ меншіктегі мал саны 54 есе өсті. Яғни, аймақтың барлық отбасы және жеке шаруашылық иесінің 63,5 %-ы, барлық малдың 68,6 %-ы бірлестікке қаптылып, бірлестіктің ортақ меншігінде малдың 27,5 %-ы тиесілі болды.

Жаппай ұжымдастыру қозғалысының өрбуі (1958-1959).

1958 жылы наурыз айында шақырылған МХРП-ның XIII съезі халық шаруашылығы мен мәдениетін дамыту туралы үш жылдық (1958–1960) жоспарын бекітті. Съезде барлық ауыл шаруашылығы салаларының түбегейлі дамуына тек социалистік қайта құру арқылы ғана қол жеткізуге болады деп есептеді. Сонымен қатар барлық ауыл шаруашылығы бірлестіктерін шаруашылық және ұжымдастыру тұрғысынан нығайтумен қатар, «алдағы үш жылда халықтық шаруа қожалығының көпшілігін ерікті негізде ұжымдық біріктіру орынды» деп шешті. Осылайша, бүкіл ел көлемінде жаппай ұжымдастыру науқаны басталды. Бұл науқан Моңғолия тарихында «Нэгдэлжих хөдөлгөөн» немесе «Бірлестіктендіру қозғалысы» деген атпен орын алды.

Аймақтық Партия комитетінің 1958 жылғы қыркүйек айындағы екінші пленумында МХРП-ның Орталық Комитеті және Министрлер Кеңесінің ауыл шаруашылық бірлестігін одан әрі нығайтып дамыту туралы № 101/102 қаулысының жүзеге асыру мәселесі қаралып талқыланды. Пленум еңбекші қауымды ұжымдастыру қозғалысына шақыру мәселесі көтерілді.

Халық бірлестікке отбасы, туыс-туған және бақ, сұмын болып ілескенімен басқа аймақтардан қарағанда асығыс, жылдам ерікті қағидатты бұзған жағдайлар болды. Мысалы, 1958 жылы халық шаруашылығының ұжымдастыру деңгейі Бұлғын аймағында 50 %, Баянхонгор аймағында 56% болса Баян-Өлгийде 66 %-ға жетті. Сондықтан ұжымдастыру қозғалысы үгіт-насихат және қысым көрсету, бірлестік құруды талап ету сынды іс әрекет арқылы жүзеге асырыла бастады.

«Жаппай бірлестіктендіру» туралы партия мен үкіметтің саясатын «Социалистік қоғам құрудың жарқын жолы», «халық шаруашылығының дамытудың тиімді жолы» деп түсіндірілді. Бұл саясатқа моңғол халқы, сонын ішінде қазақтар қауымы айтарлықтай еш қарсылық жасамағаны байқалады. 1937 жылдардағы саяси репрессия кезіндегі секілді ел арасында қалған келеңсіз жайттар аз болғанға ұқсайды. Әрине атадан жалғасқан малын үкіметке, ортақ меншікке өткізіп беру оңай емес. Бірақ үкіметтің қазақ қауымына ұстанған оң саясаты мен жан жақты көмегі халықтың Партия саясатына деген сеніміне ие болды. Осылайша қазақтар ұжымдастыру науқаны кезінде елдің басқа аймақтарындағы сияқты малын өткеруден бас тарту, үкімет адамдарына әр-түрлі қарсылық көрсетіп бір сөзбен айтқанда у-шу шығармады.

Тек кейбір ұсақ-түйек келеңсіз жағдайлар ел арасында кездескенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, ұжымдастыру науқаны барысында халық арасында түрлі сипаттағы алып-қашпа әңгімелер мен қауесеттер кеңінен тарала бастады. Соның салдарынан кейбір малшылар мал-мүлкін ұжымға толықтай өткізудің алдында оны әдейі ысырапқа ұшыратып, мал басын қысқартуға барған жағдайлар да тіркелген. Мұндай құбылыстар Цэнгэл және Толбо сұмын аумағында орын алғаны деректерде көрсетіледі (Жүкей, 2008: 158).

Сонымен қатар, мал басы көп кейбір ауқатты малшылар мемлекет алдында міндетті түрде тапсыруға тиіс алым-салық міндеттемелерінен жалтару мақсатында ұжымға кіруді сылтау етіп, малын ортақ меншікке өткеру жағдайлары да орын алған. Бұл олардың мал басының едәуір бөлігін ұжымға өткізу арқылы мемлекет алдындағы міндеттерін жеңілдетуге ұмтылуымен түсіндіріледі. Алайда олар малды ортақ меншікке өткеру барысында көбіне өздерінің кәрі, арық-тұрақ, сапасы төмен малдарын өткізгені байқалады.

Жоғарыдағы оқиғаларға байланысты МХРП-ның Орталық комитеті 1959 жылдың қаңтарында партияның барлық ұйымдарына және мүшелеріне арнайы хат жолдады. Хатта көптеген малшылар мен жеке шаруашылық иелері ұжымдық шаруашылыққа қосылып жатқанына байланысты туындаған кейбір қайшылықтар мен қиыншылықтардың нақты себебін ашып түсіндірумен қатар, дұшпандық ниеті бар адамдар бірлестіктің беделін түсіру мақсатында түрлі қауесет таратып, саналы түрде халықтың малын ысырапқа ұшыратып, жайылымдарды бүлдіру, қоғамдық мүлікті заңсыз пайдалану сияқты әділетсіз әрекеттер жасағанын атап көрсеткен. Сондай-ақ хатта осы құбылыстармен күресудің және ұжымдық шаруашылықтың мәнін малшылар мен еңбекшілерге дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше екені көрсетілген.

Осыған байланысты аймақтық Партия комитетінің пленумында былай делінген: «Бірлестіктердің нығаюы мен дамуын дұшпандық ниеттегі тұлғалар қызғанып отыр. Бірлестіктердің дамуы мен гүлденуінің негізін қалаған ортақ мүлікті пайдалану, бірлестікке қарсы сөз тарату, «бірлестікке қосылып тұрмыс жақсармас» деп халықты бірлестіктен алыстатуға тырысу, бірлестік мүлкін ұрлау сияқты таптық күрестің дұшпандық әрекеттері байқалуда» дей келе үгіт-насихат жұмыстарын күшейту міндеті қойылды.

1957 жылдың күзіне қарай бүкіл ел көлемінде ұжымдастырылмаған аймақ, сұмын, бақ іс жүзінде қалмағанымен, бірлестік мүшелері ел халқының небәрі үштен бірін, яғни 34,4 %-ын ғана құраған. 1957 жылдың соңына дейін ұжымдастыру деңгейі 50 пайыздан асқан аймақтар саны екеу (Баян-Өлгий және Баянхонгор) болды. Мемлекет бойынша орташа көрсеткіштен жоғары деңгейде ұжымдастырылған аймақтар қатарына Булган, Ховд, Увс, Өмнөговь және Өвөрхангай аймағы енді. Ал орташа көрсеткіштен төмен деңгейде ұжымдастырылған аймақтар саны оңға жеткен. Ең төмен көрсеткіш Сүхбаатар аймағында тіркелсе, ең жоғары көрсеткіш Баян-Өлгий аймағында байқалған (Дэлгэржаргал, 2023: 44).

1958 жылдың соңынан 1959 жылдың бірінші маусымына дейін ұжымдастыру қозғалысы бүкіл өлкені қамтыған барлық халықтық қозғалыс ретінде өрбіді. Осы науқанға жеке шаруашылық иелері, сондай-ақ бақ пен сұмын халқы бірлесе отырып қосыла бастады. 1959 жылдың бірінші маусымында аймақтағы жеке шаруашылық иелерінің 90-100 %-ы ұжымдастырылып, бүкіл ел бойынша бұл көрсеткіш 97,9 %-ға жеткен (Минис, 1988: 317).

МХРП-ның Орталық комитетінің Саяси Бюросы 1959 жылы 18-ші сәуірде Баян-Өлгий

аймағы құрылғанының 20 жылдық мерейтойын атап өту туралы № 134 қаулы қабылдады (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 794-іс. 1-п). Қаулыға сәйкес, аймақтың 20 жылдық мерейтойына орай «елдің халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға арналған 3 жылдық жоспар»-ына берілген міндеттер мерзімінен бұрын орындалуы тиіс екені аймақтық Партия комитетіне жүктелді. Сонымен қатар, осы іске аймақтың барлық халқын белсенді қатыстыру және жұмылдыру міндеті қойылды. Бұған жеке шаруашылық иелерін ұжымдастыру қозғалысын күшейту, малшыларды түгелімен бірлестікке қамту ісін маңызды деп атап өтті.

МХРП-ның Орталық комитетінің IV пленумында «Халық шаруашылығын ұжымдастыру нәтижелері және ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің шаруашылық ұйымдастыру тұрғысынан нығайту жөніндегі кейбір маңызды шаралар туралы» Министрлер Кеңесінің төрағасы Ю.Цэдэнбалдың баяндамасын тыңдап, талқылады. Пленумында: «Социалистік революцияның ең күрделі мақсаттарының бірі болған шағын өндірушілерді социалистік даму жолына қосу міндетін шешкенін» зор қуанышпен жариялады (Цэдэнбал, 1967: 326).

Баян-Өлгий аймағының еңбекшілері 1959 жылдың мамырында ауыл шаруашылығы бірлестігіне 100 %-ға қамтылып (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 842-іс. 9-п), ортақ меншікке барлық малдың 66 %-ы енгізіліп, ұжымдастыру қозғалысы Баян-Өлгий аймағында жеңіске жеткенін белгіледі.

Ел көлемінде 1958 жылдың соңында 727 шағын бірлестік болса, 1959 жылы олар 389 ірі бірлестікке біріктірілді. 1959 жылдың соңына қарай жеке шаруашылық иелерінің 99,3 %-ы, барлық малдың 73,8%-ы ұжымдастырылды (Цэдэнбал, 1959: 8–9). Хэнтий және Бұлғын сияқты аймақтарда кейбір бірлестіктердің мал басының көп бөлігі жеке меншікте болуынан 1959 жылдың шілдесінде жеке малды қайта ортақ меншікке алуға бағытталған қозғалыс болды. Сол уақытта Баян-Өлгий аймағындағы жалпы малдың көп бөлігі бірлестіктердің ортақ меншігіне өтіп, ал ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне тиесілі мал саны артты.

1960 жылы ортақ меншікте 780 313 мал бар, бір бірлестікте орта есеппен 381 отбасы, 1000 адам, еңбекке қабілетті 650 мүшесі және 39 500 мал болды (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 842-іс. 12-п). Бірлестік ережесінде мүшелердің күнделікті еңбек міндеттемесі, сондай-ақ мүшелердің әр отбасыға тиесілі жеке мал саны «таулы аймақтарда 50-ден кем емес, гоби аймақтарда 75-тен» аспауға белгіленіп жаңадан бекітілді.

Сондықтан мемлекет егістік алқабы аз, таулы жерлерді ескере отырып, Баян-Өлгий аймағы малшыларының отбасына тиесілі жеке малының санын гоби (шөлді) аймаққа сай 75 бас малға дейін бекітті. Төменде жеке малды қайта ортақ меншікке алу кезінде қалған малдың мөлшерін сұмындар бойынша көрсеттік.

Кесте 5. Жеке малы бар отбасы саны – 1959 жыл (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 949-іс. 37-п).

| № | Сұмындар атауы | Малсыз | 1-10 | 11-20 | 21-30 | 31-40 | 41-50 | 51-60 | 61-70 | 71-75 | 75-тен жоғары | Жеке мал % | | | |
|----|----------------|--------|------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|---------------|------------|-------|-------|--------------|
| | | | | | | | | | | | | 1-30 | 31-50 | 51-70 | 71-ден жоғар |
| 1 | Цагааннуур | 32 | 79 | 148 | 94 | 101 | 91 | 69 | 57 | 42 | -- | 47,2 | 28,1 | 18,5 | 6,2 |
| 2 | Ақ арал | -- | -- | 10 | 24 | 17 | 25 | 37 | 42 | 27 | -- | 19,2 | 23,7 | 43,4 | 14,8 |
| 3 | Булган | -- | 5 | 36 | 68 | 52 | 80 | 76 | 64 | 4 | -- | 28,3 | 34,2 | 36,3 | 1,3 |
| 4 | Дала көл | 4 | 7 | 45 | 33 | 79 | 92 | 239 | -- | -- | -- | 17,0 | 30,2 | 47,8 | |
| 5 | Алтанцөгц | 4 | 72 | 110 | 83 | 108 | 83 | 73 | 43 | 17 | -- | 44,6 | 32,3 | 19,6 | 28,8 |
| 6 | Бугат | 5 | 56 | 105 | 92 | 96 | 59 | 63 | 49 | 11 | -- | 46,8 | 28,7 | 28,4 | 2,3 |
| 7 | Алтай | -- | 6 | 35 | 37 | 63 | 70 | 58 | 66 | 48 | 4 | 21,5 | 34,3 | 32,0 | 13,4 |
| 8 | Буянт | -- | 7 | 38 | 27 | 48 | 62 | 31 | 56 | -- | -- | 26,6 | 40,0 | 32,2 | |
| 9 | Баяннуур | 2 | 11 | 49 | 47 | 160 | 86 | 39 | 5 | 1 | 2 | 26,6 | 61,5 | 11,0 | 17 |
| 10 | Толбо | 8 | 10 | 69 | 26 | 53 | 68 | 44 | 45 | 78 | -- | 26,2 | 32,0 | 22,2 | 19,5 |
| 11 | Цагаангол | 2 | 15 | 64 | 96 | 98 | 90 | 47 | 77 | 92 | -- | 31,7 | 32,4 | 21,3 | 16,3 |
| 12 | Ховд | 2 | 10 | 35 | 39 | 60 | 63 | 42 | 37 | 38 | 1 | 25,9 | 37,8 | 24,2 | 11,6 |
| 13 | Цэнгэл | 7 | 24 | 80 | 81 | 91 | 74 | 49 | 60 | 7 | -- | 39,3 | 35,2 | 18,9 | 1,3 |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|------------|----|-----|------|------|------|------|------|------|-----|----|------|------|------|------|
| 14 | Ногооннуур | 4 | 12 | 61 | 38 | 64 | 74 | 88 | 70 | 7 | | 20,7 | 30,3 | 38,5 | 1,7 |
| 15 | Улаанхус | 10 | 23 | 24 | 84 | 71 | 76 | 86 | 79 | 30 | -- | 35,9 | 28,8 | 32,3 | 5,8 |
| 16 | Баян-Энгэр | 13 | 9 | 53 | 20 | 26 | 37 | 45 | 29 | 34 | -- | 32,4 | 25,2 | 29,6 | 13,6 |
| 17 | Дэлүүн | -- | 7 | 69 | 42 | 85 | 90 | 122 | 107 | 25 | -- | 32,9 | 31,8 | 41,8 | 4,5 |
| 18 | Хужирт | -- | 3 | 21 | 44 | 60 | 49 | 56 | 50 | 14 | -- | 22,6 | 36,6 | 34,6 | 4,6 |
| 19 | Сагсай | 3 | 67 | 80 | 85 | 88 | 78 | 82 | 73 | 44 | -- | 39,6 | 27,2 | 25,7 | 7,2 |
| 20 | Ойгор | 3 | 12 | 39 | 73 | 71 | 75 | 102 | 77 | 13 | 1 | 22,3 | 31,6 | 39,1 | 2,8 |
| | Барлығы | 99 | 435 | 1171 | 1143 | 1491 | 1422 | 1448 | 1086 | 532 | 8 | 31,4 | 34,3 | 28,8 | 6,2 |

Кестедегі статистикалық көрсеткіштерге сүйенсек, Цагааннуур, Алтанцөгц сұмыны және Бугат сұмыны аумақтарында жеке меншік мал санының төмен екені байқалады. Бұл сұмындарда 1–30 бас малы бар отбасылар басым үлеске ие. Ал керісінше, Толбо сұмыны мен Цагаангол сұмыны аумақтарында 71 бастан жоғары малы бар отбасылар басқа сұмындармен салыстырғанда басымдыққа ие екені анықталды.

Бірлестік мүшелерінің меншігіндегі жалпы мал саны 311 638 болып, жалпы малдың 29%-ын құрайды, орта есеппен әр шаруашылыққа 38 басты мал тиесілі болды. Ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің мүшелерінің жеке меншігінде қалған мал тек қосалқы қызмет атқарып, тұрмыстық негізгі қажеттіліктер ортақ меншік арқылы қамтамасыз етілді.

Кесте 6. 1959 жылдың басында ортақ меншікке тиесілі малды 1959 жылдың соңындағы малмен салыстырғанда – өсімі (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 841-іс. 3-п).

| | Бірлестіктің атауы | 1959/01/01-дегі бар мал | 1959 жылы ортақ меншіктегі мал | 1960/01/01-дегі мал саны | % |
|---|--------------------|-------------------------|--------------------------------|--------------------------|-----|
| 1 | Алтайн оргил | 27623 | 17360 | 49821 | 117 |
| 2 | Енбекші ауыл | 25119 | 8828 | 40278 | 125 |
| 3 | Мандах | 10704 | 7719 | 20094 | 115 |
| 4 | Нар мандах | 17321 | 6775 | 27534 | 119 |
| 5 | Партизан | 20812 | 7224 | 35140 | 134 |
| 6 | Туяа | 5318 | 5723 | 12684 | 130 |
| 7 | Улаан хад | 21694 | 8202 | 35025 | 123 |
| 8 | Ялалтын оргил | 30404 | 7180 | 43683 | 120 |

1959 жылдың басында 8 бірлестікке тиесілі ортақ мал саны жыл соңына қарай едәуір артқан. Атап айтқанда, Енбекші ауыл бірлестігі, Партизан бірлестігі және Туяа бірлестігі шаруашылықтарында ортақ мал басының айтарлықтай өсуі байқалады. Баян-Өлгий аймағының мал шаруашылығында 1940 жылдан 1959 жылға дейін мал негізінен халық шаруашылығы басым болды. Бірақ мал жеке меншіктен ортақ меншік болумен қатар ұжымдастыру қозғалысына малшылар кеңінен қамтылған дәуір болды. 1960 жылы аймақта ауылшаруашылық бірлестіктер негізінен қалыптасып, ірі шаруашылықтар болып ұлғайды. Сол кезден бастап аймақтың мал табыны мемлекеттің, ортақ меншіктің және азаматтардың меншігіне айналды.

1940–1959 жылдары Баян-Өлгий аймағы мал шаруашылығында жеке шаруашылық иелері негізгі рөл атқарған, сол кезде мал жеке меншіктен ұжымдық ортақ меншігіне өтіп, бірлестіктендіру қозғалысына барлық жеке шаруашылық иелері қатысқан кезең болды. 1960 жылы аймақтағы ауыл шаруашылығы бірлестіктері негізінен қалыптасып, ірі шаруашылықтар болып ұлғайды. Осы уақыттан бастап аймақтың малы мемлекет, ұжымдық ортақ және жеке меншікке бөлінді.

Сұмын-бірлестік жүйесінің құрылуы.

Елдегі ұжымдастыру қозғалысы өрбіп, халық шаруашылығының көпшілігі ауыл шаруашылығы ұжымдарына қамтылғанын ескере отырып, партия мен мемлекеттік басқаруды ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне және олардың мүшелеріне жақындату, басқаруды тиімді ету қажеттігі туындады.

Бұл шараны жүзеге асырудың 1) партия мен мемлекеттік ұйымдарды ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне жақындату және басқаруды тиімді ету, 2) әкімшілік шығындарды азайту, 3) болашақта бірлестіктердің орталықтарын тұрақтандыруға айтарлықтай жеңілдету, 4) шағын бірлестіктерді біріктіру арқылы бірлестіктердің әлеуетін арттыру қатарлы маңызы болды. Сол себепті жергілікті билік жоғары органдарға қазіргі сұмын мен бақтың құрылымын өзгерту туралы ұсыныстарды бірнеше рет жолдауына байланысты еңбекшілердің пікіріне сүйене отырып бақтарды таратып, шоғырланған сұмын мен бірлестік құру туралы шешім қабылданды. Оған сұмын бірлестік басшысының міндетін бір адам атқаратын болды.

1957 жылдан бастап ауыл шаруашылық бірлестігін кезең-кезеңімен отырықтандыру саясаты қабылданды. Алғашқы кезекте Социализмын зам, Ялалт, Туяа, Цэцэг және Мандах қатарлы бірлестіктің отбасы мен мал саны, шабындық пен егістік алқаптары, бірлестікке қызмет көрсететін машина станциясына жақын орналасуы сияқты алғышарттар ескеріліп жоғарыдағы 5 бірлестікті отырықты болғызу шешімі қабылданды.

1959 жылдың басында МХРП-ның Орталық комитетінің Саяси Бюросы «Сұмын мен бақ құрылымын өзгертіп сынау туралы» №38 қаулысын қабылдады (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 722-іс. 26-п). Бұл қаулыны орындау мақсатында аймақтық Партия комитеті және ЕДХ-ның Атқару әкімшілігі қаулысымен барлық сұмын мен бақтар таратылды.

Баян-Өлгий аймағының Партия комитеті мен аймақтық ЕДХ-ның Атқару әкімшілігі 1958 жылғы 4 сәуірдегі МХРП-ның Орталық комитеті мен Министрлер кеңесінің №76/81 қаулысына сәйкес Баян-Өлгий аймағының өтінішін қабылдап, аймақтың шаруашылық және мәдениетін дамыту, кезең-кезеңімен орналастыру мәселесін талқылады. Отырыста, «Қазіргі және келешектегі жағдайларды зерттегенде, болашақта жаңа бірлестік құрудың қажеті жоқ екені, ал қазіргі бірлестіктердің кейбіреулері шағын, нақты орналасқан жоқ көшпелі сипатта екені мәлім. Сол себепті 32 бірлестікті барлық сұмындардағы жер жағдайын, шабындық, егістік, жайылым, қосалқы өнеркәсіпті дамыту мүмкіндіктерін, жол қатынасы мен нарықты, халықтың тұрақты қоныстануын және болашақтағы шоғырлану үрдісін ескере отырып, 21 бірлестікке қысқарту» мәселесі қаралды.

Осы жұмыс аясында сұмындар мен бірлестіктерді 20 жерге шоғырландыру жоспары жасалып, шағын бірлестіктерді қысқарту, үлгілік ережелерді жаңартып бекіту, ережеде көрсетілген мөлшерден асқан малды қайта ортақ меншікке алу сияқты жұмыстар 1958 жылғы қараша айынан бастап жүргізіліп, 1959 жылғы 25 қаңтарда негізінен аяқталды.

Шағын бірлестіктерді қысқарту, бірлестік орталықтарын көпжақты талаптарды ескере отырып дұрыс орналастыру жөніндегі ұсыныстар партия мен мемлекеттің белсенді қызметкерлер және еңбекшілерден көптеп түсті. Қазіргі бірлестік-сұмын орталықтарын орналастырып отырған 20 орын табиғи жағдайлар, жол қатынасы және адамдардың қоныстану жағдайына толық сәйкес деп бағаланды (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 722-іс. 2-п).

Аймақтық ЕДХ-ның Атқару әкімшілігінің № 8/31 шешімімен 1959 жылдың 25-ші ақпанында бақ пен сұмын құрылымын қайта құруға байланысты сұмдарды атауы мен орталығын халықтың пікірін ескере отырып төмендегідей ұйымдастырды (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 722-іс. 37-38-п).

Кесте 7. Баян-Өлгий аймағында 1959 жылғы ақпан айында жүргізілген әкімшілік жаңа құрылымға сәйкес құрылған сұмындардың тізімі (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 722-іс. 32-33-п).

| № | Сұмын атауы | Сұмын орналасқан жердің атауы | Бұрынғы немесе жаңа құрылған | Бірлестіктің атауы |
|---|-------------|-------------------------------|------------------------------|--------------------|
| 1 | Алтанцөгц | Цагаан Түнгэ | Бұрынғы | Социализмын зам |
| 2 | Алтай | Хар бут | Жаңа | Ялалтын оргил |
| 3 | Баяннуур | Шар цэх | Бұрынғы | Цэцэгт |
| 4 | Баян-Энгэр | Хашаат | Жаңа | Жаңа нұр |
| 5 | Ақ арал | Хотон хар | Жаңа | Туяа |
| 6 | Булган | Тулайт | Жаңа | Уриа |

| | | | | |
|----|-------------|-------------------|---------|---------------|
| 7 | Буянт | Шар тохой | Бұрыңғы | Мандах нар |
| 8 | Дэлүүн | Дэлүүн | Бұрыңғы | Октябрь |
| 9 | Дала көл | Хүйсэн | Жаңа | Алтай өлке |
| 10 | Ногооннуур | Бөхмөрөн | Бұрыңғы | Хөдөлмөр |
| 11 | Ойгор | Согоог | Бұрыңғы | Алтайн хөгжил |
| 12 | Улаанхус | Улаанхус | Бұрыңғы | Кең өлке |
| 13 | Толбо | Толбонуур | Бұрыңғы | Улаан хад |
| 14 | Ховд | Үерт | Жаңа | Мандах |
| 15 | Хужирт | Ёлт | Бұрыңғы | Салтанат |
| 16 | Цагаангол | Жеті өткел | Бұрыңғы | Алтайн оргил |
| 17 | Цагааннуур | Цагааннуур | Бұрыңғы | Партизан |
| 18 | Цэнгэл | Харгантын билчээр | Жаңа | Саруул зам |
| 19 | Бугат | Хар ус | Жаңа | Жаргалын зам |
| 20 | Сагсай | Уужим | Жаңа | Еңбекші ауыл |
| 21 | Хотын хороо | Өлгий | Бұрыңғы | -- |

Жаңа құрылымға сәйкес құрылған сұмындардың 12-і бұрынғы орнына шоғырланса, 9-ы жаңа жерге орналасты. Бірлестіктер саны недәуір қысқартылды. Сондықтан, сұмын–бірлестіктер 204-тен 715 отбасы, 20 952-ден 72 360 бас малды, 998-ден 3 060 адамды қамтитын 20 сұмын немесе бірлестік болып ұлғайды. Жәнеде 103 бригадadan тұратын 120–200 отбасын қамтитын құрылымда ұйымдастырылды. Аймақ көлемінде бұрынғы құрылым бойынша ұйымдастырылған 81 бақ, хорин әкімшілігі және сауда–өнімінің 24 агенттік таратылды.

Жаңа құрылым бойынша қысқартылған бірлестіктер жайында тоқталсақ, жергілікті өзін өзі басқару органы шешімі бойынша 1959 жылы 22-ші қаңтарда Алтанцөгц сұмынындағы Мандах зам, Нар мандах және Социализмын зам бірлестіктері біріктіріліп, Социализмын зам деп аталып, Баяннуур сұмындағы Цэцэг және Алтангадас бірлестіктері біріктіріліп, «Цэцэг» бірлестігі деп аталып сұмын орталығына шоғырландырылды.

Сондай-ақ 1959 жылы 5-ші наурызда Буянт сұмынындағы Жаргалын зам және Алтанцөгц сұмынындағы Амьдралын зам бірлестіктері біріктіріліп, «Жаргалын зам» бірлестігі деп аталды да, Алтанцөгц сұмынындағы Хар ус өлкесіне орналастыруға лайық деп танылды. Толбо сұмынындағы Алтай өлке және Дэлүүн сұмынындағы Шинэ Алхам бірлестігі біріктіріліп, «Алтай өлке» бірлестігі деп аталумен қатар Дэлүүн сұмынындағы Хүйсэн деген жерге шоғырландырылды.

1959 жылы 12-ші наурызда Еңбекші ауыл және Ялалт бірлестіктерінің барлық мүшелері мен жалпы хорооның өтінішін ескере отырып, Еңбекші ауыл және Ялалт бірлестіктері біріктіріліп, «Еңбекші ауыл» бірлестігі деп аталып Турганның Нарийн ус алқабына шоғырландырылды (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 711-іс. 7, 11, 26-п).

Кесте 8. Баян-Өлгий аймағының әкімшілік жаңа құрылымына сәйкес құрылған сұмындардың жер көлемі (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 949-іс. 45-п).

| | Сұмын атауы | Барлығы (гектар жер) | Жайылым | Шабындық жер | Егістік | Орман | Иргерілмеген жер |
|----|-------------|----------------------|---------|--------------|---------|-------|------------------|
| 1 | Алтанцөгц | 81,134 | 70,4 | 2,4 | 160 | 112 | 8062 |
| 2 | Бугат | 2054 | 1,8 | 72 | 25 | 37 | 120,0 |
| 3 | Баяннуур | 136,04 | 115,0 | 4,3 | 0,14 | 0,7 | 15,9 |
| 4 | Олоннуур | 41,95 | 31,9 | 4,0 | 57 | 4,0 | 2,0 |
| 5 | Ногооннуур | 169,05 | 153,4 | 4,1 | 50 | 2,5 | 9,0 |
| 6 | Ховд | 155,4 | 152,3 | 5,0 | 0,1 | 10,0 | 8,0 |
| 7 | Цагааннуур | 37,9 | 29,3 | 0,3 | 42 | 50 | 8,2 |
| 8 | Ойгор | 393,0 | 320,0 | 20 | 20 | -- | 33,0 |
| 9 | Цагаангол | 372,317 | 281,1 | 7,8 | 17 | 1,1 | 92,3 |
| 10 | Цэнгэл | 194,42 | 173,3 | 5,3 | 20 | 1,0 | 14,9 |
| 11 | Улаанхус | 187,586 | 181,327 | 700 | 15 | 133 | 5411 |
| 12 | Сагсай | 186,446 | 180,403 | 700 | 85 | 150 | 5202 |
| 13 | Буянт | 273,0 | 2,1 | 66 | -- | -- | 570 |
| 14 | Алтай | 160,0 | 90,0 | 270 | -- | -- | 69730 |
| 15 | Хужирт | 203,238 | 186 | 18 | 20 | 4,2 | 13,0 |

| | | | | | | | |
|----|------------|---------|---------|-------|-----|-------|--------|
| 16 | Булган | 148,570 | 130,000 | 750 | 70 | 2960 | 18570 |
| 17 | Дэлүүн | 352,560 | 301,518 | 4,8 | -- | -- | 46,242 |
| 18 | Дөрөө нуур | 256,560 | 225,357 | 50 | 12 | 10 | 31,181 |
| 19 | Толбо | 173,2 | 146,9 | 0,3 | -- | -- | 26,0 |
| 20 | Баян-Энгэр | 157,71 | 120,3 | 10 | -- | -- | 34,4 |
| | Дүн | 3682135 | 2829045 | 40686 | 706 | 26052 | 785646 |

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, Баян-Өлгий аймағы аумағында шабындық пен егістік алқаптар аз. Өзен сулары бар болғанымен, аймақтың таулы болуына байланысты су көздері көбіне тереңде орналасқан. Осы жағдайларға байланысты жайылымға қолайлы жерлердің көлемі шектеулі деп бағалауға болады. Қытай Халық Республикасымен шектесетін Цагаангол, Цэнгэл, Сагсай, Алтай, Хужирт сұмын және Булган сұмын аумақтарының оңтүстік бөліктері ішінара орманды болып келеді. Осыны ескерсек, жалпы сұмындар көлемінде игерілмеген жерлердің үлесі айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, барлық сұмын аумақтарының халық санына сәйкес салыстырмалы түрде тең бөлінгені байқалады.

Ұжымдастыру қозғалыстың жеңуі, халық шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне жалпы қосылуы жергілікті әкімшілік құрылымында тиісті өзгерістер енгізуді талап етті. Үкімет бұны еңбекшілердің өтініші бойынша қолданылған тәжірибе арқылы дәлелденген деп таныды. 1959 жылғы 5 тамыздағы МХР-ның Ұлы хуралы Президиумының №129 жарлығымен Баян-Өлгий аймағы 21 сұмынмен ұйымдастырылды. Осылайша мемлекеттік басқарманың алғашқы деңгейдегі бірлігі сұмын, бақ құрылымы өзгертіліп, сұмын әкімшілігі мен бірлестік басқармасы біріктіріліп «сұмын – бірлестік әкімшілігі» құрылды. Бақтар таратылып, олардың орнына ауыл шаруашылығы бірлестік бригадалары жұмыс істейтін болды.

Жаңа әкімшілік құрылым бойынша құрылған сұмын-бірлестігіне 1 557 мініс ат, 13 түйе, 8 ат өртеңі, бақ сұмындардағы 466 463 төгрөгтің ғимарат-конторасы, 141 905 төгрөгтің мүлік-жабдықтары, барлығы 884 313 төгрөгтің мүлкі арнайы акт арқылы аударылып берілді (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 662-іс. 69-п).

Осы өзгерістің нәтижесінде тек сұмын деңгейінде әкімшілік және қоғамдық ұйымдардан 161 қызмет орны қысқартылып, жалақы қоры 298 613 төгрөг, әкімшілік-шаруашылық шығындары 168 955 төгрөг, барлығы 467 868 төгрөгпен 1959 жылғы бюджеттен үнемделді.

Сонымен қатар 1959 жылғы бюджеттен аймақ орталығының әкімшілігі, партия, халық және мәдени-ағарту ұйымдарынан 36 қызмет орны қысқартылып, оның жалақы қоры 61 000 төгрөг, әкімшілік-шаруашылық шығындары 41 918 төгрөгпен үнемделді.

Барлығы 102 918 төгрөг үнемдегенді қосқанда, аймақ деңгейінде барлығы 197 қызмет орны қысқартылып, жалақы қоры 359 613 төгрөг, әкімшілік-шаруашылық басқа шығындар 210 873 төгрөг, барлығы 570 486 төгрөг 1959 жылғы бюджеттен үнемделді.

Кесте 9. Жергілікті әкімшілік органдарының қызмет орындары төменде көрсетілген тәртіппен өзгертілді. (БӨАМАБ. 1-қ. 1-т. 662-іс. 69-70-п).

| № | Бастапқыдағы қызмет орыны | | Қазіргі ұйымдастыру бойынша қызмет орыны | |
|---|--|----------------------|--|----------------------|
| | Лауазым | Қызмет орындары саны | Лауазым | Қызмет орындары саны |
| 1 | Сұмын бастығы | 11 | Сұмын бірлестік бастығы | 20 |
| 2 | Орынбасар | 11 | Сұмын бастығының орынбасары | 1 |
| 3 | Бас хатшы | 11 | Сұмын бас хатшысы | 20 |
| 4 | Есепші | 11 | Есепші | 19 |
| 5 | Шаруашылық қызметкері | 11 | Клуб, қызыл бұрыш меңгерушісі | 13 |
| 6 | Бақ, хорин бастығы | 81 | Ат өртеңінің қызметкері | 8 |
| 7 | Ат өртеңі (ылау) қызметкері | 54 | | |
| 8 | Қызыл бұрыш меңгерушісі, клуб қызметкері | 13 | | |

| | | | |
|---|----------------------|-----|----|
| 9 | Бірлестіктің бастығы | 36 | |
| | Барлығы | 238 | 81 |

Кестеде көрсетілген деректерге сәйкес, жалпы 238 қызмет орны 81-ге дейін қысқартылған. Нәтижесінде ат-өртеңі (ылау) қызметкері, қызыл бұрыш меңгерушісі, клуб қызметкері және бірлестік бастығы сияқты бірқатар лауазымдар қысқартылып, штаттық құрылымнан алынып тасталған.

Жаңа ұйымдастыру кезінде аймақтық Партия комитеті мен Атқару әкімшілігі бірлестіктердің әкімшілік-шаруашылық шығындарын қайта қарап, қысқарту жұмыстарын ұйымдастырды. Нәтижесінде аз ғана адамдар, яғни ауыл-үйлер біртекті жұмыстарды қатар атқарып келген бригадалар біріктіріліп, бірлестіктің орынбасары, есепші, санақшы сияқты бірнеше қызмет орны қысқартылды. Бұл бірлестіктің мүшелеріне берілетін еңбек күнін төлеу мөлшерін көбейту мүмкіндігін берді.

Сондай-ақ партияның алғашқы шақыруымен бірлестіктерге барып жұмыс істеген бірлестік бастықтарының ішінен сұмын бастығына сайланған адам 7, бірлестік бастығынан сұмын бастығы болып сайланған 12, ал сұмын әкімшілігі мен Партия комитеті бастығы арасынан 8 адам сұмын–бірлестігі бастығы болып сайланды.

1963 жылы бірлестіктердің экономикалық қуатын нығайту, өндіріс қуатын ұлғайтып, арттыру мақсатында бұрынғы 20 бірлестікті қайта біріктіріліп, қысқартылып 12 бірлестік болып құрылды. Осы 12 бірлестіктің әрқайсысында орта есеппен 600 отбасы, 70 мың бас мал және 2,8 миллион төгрөг кіріс болды (Құрметқан, 1997: 121). Осылайша 12 сұмын 12 бірлестікке қысқартылып ұйымдастырылып, 1990 жылы нарықтық қоғамға көшіп бірлестіктер тарағанға дейін өмір сүрді.

Қорытынды

1954–1959 жылдары Баян-Өлгий аймағы мысалында қарастырылған халық шаруашылығын ұжымдастыру саясаты Моңғолияның экономикасындағы ең ірі құрылымдық өзгерістің бірі болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл үдеріс қысқа мерзім ішінде жеке шаруашылықтарды толықтай дерлік ұжымдық жүйеге біріктіріп, ауыл шаруашылығы өндірісінің меншік формасын, басқару механизмін және әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертті.

Ұжымдастырудың негізгі нәтижесі ретінде 1958–1959 жылдары аймақтағы жеке шаруашылықтардың басым бөлігі ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне тартылып, мал шаруашылығы ортақ меншікке шоғырландырылды. Бұл тек экономикалық өзгеріс қана емес, сонымен бірге ауылдық қоғамның әлеуметтік ұйымдасуына, еңбек қатынастарына және әкімшілік басқару жүйесіне терең ықпал етті. Нәтижесінде «сұмын–бірлестік» атты жаңа әкімшілік-шаруашылық модель қалыптасып, мемлекеттік басқару мен өндірістік құрылым бір жүйеге біріктірілді.

Зерттеу Баян-Өлгий аймағындағы ұжымдастыру үдерісінің бірқатар ерекшеліктерін айқындады. Біріншіден, аймақтың этникалық құрамы мен дәстүрлі көшпелі шаруашылығы ұжымдастырудың жүзеге асу формасына әсер етіп, насихаттық-ұйымдастырушылық әдістердің басым болуына жағдай жасады. Екіншіден, ұжымдастыру нәтижесінде бірлестіктер санының артуымен қатар, олардың іріленуі және орталықтандырылуы байқалды. Үшіншіден, әкімшілік құрылым қайта ұйымдастырылып, артық басқару буындары қысқартылды, бұл мемлекеттік шығындарды азайтуға және басқару жүйесін орталықтандыруға бағытталды.

Қорытындылай келе, Баян-Өлгий аймағындағы 1954–1959 жылдардағы ұжымдастыру үдерісі тек экономикалық реформа емес, сонымен қатар саяси-әкімшілік және әлеуметтік өзгерту ретінде бағаланады. Оның нәтижесінде қалыптасқан «сұмын–бірлестік» жүйесі ұзақ уақыт бойы Моңғолияның ауыл шаруашылығын басқарудың негізгі үлгісі болып қызмет етті және 1990-жылдардағы нарықтық өзгерістерге дейін сақталды.

Sources

SADBOA — State Archive Department of Bayan-Olgii Aimag

Дереккөздер

БӨАМАБ — Баян-Өлгий аймагының мемлекеттік архив бөлімі

References

- Aldanysh, 1975 — *Aldanysh T.* Bayan-Ölgii aimgiin KhAA-n negdliin түүкhees [From the History of Agricultural Cooperatives in Bayan-Ölgii Province]. Ölgii: Aimag Printing House, 1975. P. 61. (In Mong.).
- Baljinnyam D., Shagdar Ya., 1979 — *Baljinnyam D., Shagdar Ya.* Бүгд Найрамдах Mongol Ard Ulsyn Khödөө аж ахуйн negdel [Agricultural Cooperatives of the Mongolian People’s Republic]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1979. P. 164. (In Mong.).
- History of the MPR, 1955 — Бүгд Найрамдах Mongol Ard Ulsyn туух [History of the Mongolian People’s Republic]. Mongolian Academy of Sciences, USSR Academy of Sciences, ed. Perlee Kh., Shagdar Ts. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1955. P. 542. (In Mong.).
- History of the MPR, 1966, 1968, 1969 — Бүгд Найрамдах Mongol Ard Ulsyn туух [History of the Mongolian People’s Republic] (Vol. 3). Mongolian Academy of Sciences, ed. Shirendev B., Natsagdorj Sh., Perlee Kh. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1966, 1968, 1969. Pp. 499, 565, 790. (In Mong.).
- Dash, 1971 — *Dash M.* Бүгд Найрамдах Mongol Ard Ulsyn Khödөө аж ахуй 50 жил [Fifty Years of Agriculture in the Mongolian People’s Republic]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1971. P. 174. (In Mong.).
- Delgerjargal, 2023 — *Altantugs N., Delgerjargal P., Tordalai R., Chinzorig B.* Sum-negdliin togtoltsoo: malchin örkhe-negdel-uls [The Soum-Cooperative System: Herder Household-Cooperative-State]. Ulaanbaatar: Soyombo Printing, 2023. P. 432. (In Mong.).
- Jadamba, 1958 — *Jadamba S.* Бүгд Найрамдах Mongol Ard Ulsyn khödөө аж ахуй-n negdlüüdiin khөгjiltiin зарим асуудлууд [Some Issues in the Development of Agricultural Cooperatives in the MPR]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1958. P. 112. (In Mong.).
- Jükey, 2008 — *Jükey Sh.* XX ğasyrdağı Moңğoliya qazaqtarı [Kazakh People of Mongolia in the 20th Century]. Ulaanbaatar: Sorhon Tsagaan, 2008. P. 319. (In Kaz.).
- Jükey, 2000 — *Jükey Sh.* Bayan-Ölgii aimgiin MAKHn-yn baiguullagiin түүкhe [History of the MPRP Organization in Bayan-Ölgii Aimag]. Ulaanbaatar: Urakh Erdem, 2000. P. 163. (In Mong.).
- Islam, 1980 — *Islam K.* Moңğoliya qazaqtarınıñ tarihy [History of the Kazakhs of Mongolia]. Ölgii, 1980. P. 241. (In Kaz.).
- Kurmethan, 1997 — *Kurmethan M.* Moңğoliya-dağı Qazaq subetnosynyñ qalyptasuy men damuy [Formation and Development of the Kazakh Subethnos in Mongolia]. Ulaanbaatar–Almaty: Choijal Print, 1997. P. 221. (In Kaz.).
- Lümbén, 1975 — *Lümbén B.* BNMAU-d Ardyn khuvii аж ахуйныг socialist yosoor khorshooloson түүкheen замнал [Historical Process of Socialist Collectivization of Private Herding Economy in the MPR]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1975. P. 151. (In Mong.).
- MPRP Congress, 1955 — Mongol Ardyn Khuvisgalt Namyn XII ikh khurlyn material [Materials of the 12th Congress of the Mongolian People’s Revolutionary Party], 1955. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1955. P. 60. (In Mong.).
- Minis, 1988 — *Minis A.* Mongol Ardyn Khuvisgalt Namyn туух [History of the MPRP]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1988. P. 225. (In Mong.).
- History of Mongolia, 2003 — Mongol Ulsyn түүкhe [History of Mongolia], bot. V, ed. Tsend-Ochir D. Ulaanbaatar: Admon Printing Co., 2003. P. 502. (In Mong.).
- Minis & Sarai, 1960 — *Minis A., Sarai A.* Bayan-Ölgii aimgiin qazaq ard түмени түүкhees [From the History of the Kazakh People of Bayan-Ölgii Aimag]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1960. Pp. 80, 120. (In Mong.).
- Tüménjargal, 1972 — *Tüménjargal D.* Mongol Ardyn Khuvisgalt Nam ardyn khuviiin аж ахуйныг socialist yosoor khorshoolokh zoriltyг kheregjuulsen n’ [Implementation of the MPRP Policy on Socialist Collectivization of Private Herding Economy]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1972. P. 172. (In Mong.).
- Tsedendbal, 1967 — *Tsedendbal Yu.* Iltgel, ügüülél, khelseen üg. «Ardyn аж ахуйныг khorshoolon negtgesen ajlyn dün» [Collected Speeches and Articles. “Results of Collectivization of Private Herding Households”]. Vol. 2. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1967. P. 541. (In Mong.).
- Tsedendbal, 1959 — *Tsedendbal Yu.* Mongol Ardyn Khuvisgalt Namyn Töv khoroonь 1959 onь 12-r saryn IV бүгд khurald tavisан iltgel [Report at the IV Plenum of the Central Committee of the MPRP, December 1959]. Ulaanbaatar: State Publishing House, 1959. P. 156. (In Mong.).
- Zardykhan, 2003 — *Zardykhan Kh.* Nulimstai on jiluudiin namtar [Biography of Tearful Years]. Transl. Akhmet Zh., Zhamliikha Sh. Ulaanbaatar: T&U Print, 2003. P. 199. (In Mong.).

Әдебиет

Алданыш, 1975 — *Алданыш Т.* Баян-Өлгий аймгийн ХАА-н нэгдлийн түүхээс. Өлгий: Аймгийн хэвлэх үйлдвэр, 1975. 61 х.

Балжинням Д., Шагдар Я., 1979 — *Балжинням Д., Шагдар Я.* БНМАУ-ын Хөдөө аж ахуйн нэгдэл.

Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1979. 164 х.

БНМАУ-ын түүх, 1955 — Бүгд Найрамдах Монгол Ард улсын түүх. ШУА., СССР ШУА, ред. Пэрлээ Х., Шагдар Ц. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1955. 542 х.

БНМАУ-ын түүх, 1966, 1968, 1969 — Бүгд Найрамдах Монгол Ард улсын түүх (III том). ШУА, ред. Ширэндэв Б., Нацагдорж Ш., Пэрлээ Х. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1966, 1968, 1969. 499, 565, 790 х.

Даш, 1971 — *Даш М.* БНМАУ-ын Хөдөө аж ахуй 50 жилд. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1971. 174 х.

Дэлгэржаргал, 2023 — *Алтантөгс Н., Дэлгэржаргал П., Төрдалай Р., Чинзориг Б.* Сум-нэгдлийн тогтолцоо: малчин өрх-нэгдэл-улс. Улаанбаатар: Соёмбо принтинг, 2023. 432 х.

Жадамба, 1958 — *Жадамба С.* БНМАУ-ын хөдөө аж ахуйн нэгдлүүдийн хөгжилтийн зарим асуудлууд. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1958. 112 х.

Жүкей, 2008 — *Жүкей Ш.* XX ғасырдағы Моңғолия казактары. Улаанбаатар: Сорхон Цагаан, 2008. 319 б.

Жүкей, 2000 — *Жүкей Ш.* Баян-Өлгий аймгийн МАХН-ын байгууллагын түүх. Улаанбаатар: Урлах эрдэм, 2000. 163 х.

Ислам, 1980 — *Ислам Қ.* Моңғолия казактарының тарихы (Монголын Казахуудын түүх). Өлгий: 1980. 241 б.

Зардыхан, 2003 — *Зардыхан Х.* Нулимстай он жилүүдийн намтар. Орч. Ахмет Ж., Жамлийхаа Ш. Улаанбаатар: Т&U принт, 2003. 199 х.

Құрметқан, 1997 — *Құрметқан М.* Моңғолиядағы Қазақ субэтнотанының калыптасуы мен дамуы. Улаанбаатар-Алматы: Чойжал принт, 1997. 221 б.

Лүмбэн, 1975 — *Лүмбэн Б.* БНМАУ-д Ардын хувийн аж ахуйтныг социалист ёсоор хоршооллосон түүхэн замнал. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1975. 151 х.

МАХН, 1955 — Монгол ардын хувьсгалт намын XII их хурлын материал 1955. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1955. 60 х.

Минис, 1988 — *Минис А.* МАХН-ын түүх. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1988. 225 х.

Монгол улсын түүх, 2003 — Монгол улсын түүх (боть V), ред. Цэвээндорж Д. УБ., Admon принтинг ХХК, 2003. 502 х.

Минис, Сарай, 1960 — *Минис А., Сарай А.* Баян-Өлгий аймгийн казах ард түмний түүхээс. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1960. 80, 120 х.

Түмэнжаргал, 1972 — *Түмэнжаргал Д.* МАХН ардын хувийн аж ахуйтныг социалист ёсоор хоршооллох зорилтыг хэрэгжүүлсэн нь. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1972. 147 х.

Цэдэнбал, 1967 — *Цэдэнбал Ю.* Илтгэл, үгүүлэл, хэлсэн үг. «Ардын аж ахуйтныг хоршооллон нэгтгэсэн ажлын дүн» (II боть). Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1967. – 541 х.

Цэдэнбал, 1959 — *Цэдэнбал Ю.* «МАХН-ын Төв хорооны 1959 оны 12-р сарын IV бүгд хуралд тавьсан илтгэл». Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1959. 156 х.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

| | |
|--|-----|
| Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE)..... | 300 |
| Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN..... | 315 |
| Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK..... | 329 |
| Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov) | 342 |

HISTORY

| | |
|---|-----|
| Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR..... | 354 |
| Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS..... | 368 |
| Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY..... | 386 |
| Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920)..... | 400 |
| Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945)..... | 414 |
| Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS..... | 432 |
| Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS)..... | 447 |
| Kozybayeva M.M. THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S..... | 465 |
| Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S)..... | 481 |
| Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945)..... | 502 |
| Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931)..... | 519 |
| Toktarbayuly A. THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE)..... | 530 |
| Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS..... | 549 |
| Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928)..... | 565 |

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

| | |
|--|-----|
| Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES | 584 |
| Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES..... | 599 |

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

| | |
|--|-----|
| Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)..... | 300 |
| Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ..... | 315 |
| Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР..... | 329 |
| Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай)..... | 342 |

ТАРИХ

| | |
|--|-----|
| Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы..... | 354 |
| Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ..... | 368 |
| Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК..... | 386 |
| Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920)..... | 400 |
| Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ..... | 414 |
| Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ..... | 432 |
| Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С. ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)..... | 447 |
| Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ..... | 465 |
| Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.)..... | 481 |
| Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ..... | 502 |
| Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931)..... | 519 |
| Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД..... | 530 |
| Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ..... | 549 |
| Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН..... | 565 |

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|---|-----|
| Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ..... | 584 |
| Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ..... | 599 |

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

| | |
|---|------------|
| Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)..... | 300 |
| Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА..... | 315 |
| Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ..... | 329 |
| Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова)..... | 342 |

ИСТОРИЯ

| | |
|---|------------|
| Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ..... | 354 |
| Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ..... | 368 |
| Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА..... | 386 |
| Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920)..... | 400 |
| Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.)..... | 414 |
| Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ..... | 432 |
| Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ)..... | 447 |
| Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ..... | 465 |
| Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.)..... | 481 |
| Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945)..... | 502 |
| Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931)..... | 519 |
| Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА)..... | 530 |
| Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ..... | 549 |
| Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.)..... | 565 |

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|--|------------|
| Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ..... | 584 |
| Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ..... | 599 |

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй